



ПІТК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру жөнінде

1. Жеке үлгі көрсету

- Кәсіби этика мен мораль нормаларын сақтаңыз.
- Жақын тарту, жағымпаздық немесе әділетсіз шешімдерден аулақ болыңыз.
- Адалдық пен ашықтықты кәсіби қызметте басты ұстаным етіңіз.

2. Құқықтық сауаттылық

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік-құқықтық актілермен ганысыңыз.
- Арнайы оқытудан және нұсқаулықтардан уақытылы өтіңіз.

- Жемқорлық фактілері анықталған жағдайда қайда хабарлау керектігін біліңіз.

3. Білім беру саласында жемқорлықтың алдын алу

- Ата-аналардан ақша, сыйлық, алғыс түріндегі артықшылықтарды қабылдамаңыз.
- Оқушылар мен әріптестерге қысым көрсетуге жол бермеңіз.
- Жемқорлыққа итермелеу әрекеттері болса, тиісті органдарға хабарлаңыз.

4. Оқушылар мен ата-аналармен жұмыс

- Балалар арасында адалдық, әділеттілік, жауапкершілік құндылықтарын қалыптастырыңыз.
- Ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіңіз.
- Арнайы тақырыптық тәрбие сағаттарын ұйымдастырыңыз.

5. Ұжымдағы рөліңіз

- Ашықтық пен сенім атмосферасын қалыптастыруға үлес қосыңыз.
- Мекемедегі жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шараларға белсенді қатысыңыз.
- Жас мамандарға үлгі болыңыз.

Есте сақтаңыз:

Сіздің әрбір іс-әрекетіңіз ұжымдағы сенімділік пен әділ орта қалыптастыруға әсер етеді.

